

**Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі «Әзірет
Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК мен
Түркия Республикасы Мәдениет және туризм министрлігі жанындағы
Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі
арасындағы ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі РМҚК (бұдан әрі - Тараптар деп аталатын) және Түркия Республикасы Мәдениет және туризм министрлігі жанындағы Түрік ынтымақтастық және үйлестіру агенттігі (бұдан әрі - Тараптар деп аталатын) Қожа Ахмет Ясауи мұрасын насихаттау мақсатында ғылыми-зерттеу, тарихи ескерткіштерді қорғау, туризм саласындағы ынтымақтастықты нығайтауға және одан әрі дамытуға ниеттене отырып төмендегідей меморандум жасасты.

Мақсаттар

1-бап

Меморандумның мақсаттары төменде көрсетілді:


- 1) Қожа Ахмет Ясауи мұрасы бойынша ақпараттармен алмасуға;
- 2) «Ясауи ізімен» жобасының жүйелі түрде жалғасуына және дамуына бағытталған іс-әрекетті үйлестіруге;
- 3) Өзара түсіністік негізінде, Тараптар өз құзыреті шегінде ұзақ мерзімді және жан-жақты қарым-қатынасты дамытуға, сондай-ақ аталған салалар бойынша үйлесімді дамытуға жәрдемдесуге;
- 4) Туристік имиджді қалыптастыруға, мәдениет саласы мамандарының тәжірибе алмасу және кәсіби біліктілігін арттырумен қатар, осыған байланысты салаларда үйлестіру іс-шараларын жасауға.

Тараптардың міндеттері

2-бап

Тараптардың міндеттері төменде көрсетілді:

- 1) Тараптар, «Ясауи ізімен» ғылыми жобасы аясында ақпараттық қолдау көрсетуге.
- 2) Тарихи-мәдени мұра құндылықтарын сақтауға, ғылыми жоба аясында анықталған, табылған тарихи құнды материалдарды насихаттау, қажет жағдайда реставрациялауға ұсыну, түркі дүниесіне кеңінен тарату секілді жұмыстарды атқаруға;
- 3) Ясауи есімімен байланысты діни және тарихи-ескерткіштерді насихаттау мақсатында бірлескен ғылыми және мәдени экскурсиялық бағдарламалар іске асыруға;
- 4) Насихаттау мақсатында брошюралар, буклеттер, бейнероликтерді дайындауға.



Келіспеушіліктердің шешімі

3-бап

Осы Меморандумның ережелерін талқылау және жүзеге асыруға байланысты, қатысты Тараптар арасындағы барлық даулар мен келіспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен пікір алмасу жолымен шешіледі.

Протоколдағы өзгерістер және қосымшалар

4-бап

Талаптардың өзара келісімі бойынша осы Меморандумға оның ажырамас бөлігі болып табылатын өзгерістер мен толықтырулар енгізіле алады.

Қаржылық міндеттеме

5-бап

Осы Меморандум, Тараптарға ешқандай қаржылық міндеттемелер жүктемейді. Аталған Меморандум, халықаралық құқықтық тұрғыдан келісім болып табылмайды және тараптарға заңды міндеттемелер жүктемейді.

Мерзімі және Меморандумның қолданысын тоқтату

6-бап

Осы Меморандум қол қойылғаннан күннен бастап күшіне енеді. Тараптардың бірі екінші Тараптың оның қолданысын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын ұсынған күннен бастап 1 (бір) ай бойынша күшінде болады.


Басқа мәселелер

7-бап

Осы Меморандум Нұр-Сұлтан қаласында 2021 жылы «__» _____ күні, 2 данадан, қазақ және түрік тілдерінде жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

Тараптар қолдары:


Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-
мәдени қорық-музейі РМҚК
директоры



«__» _____ 2021 жыл



Түркия Республикасы
Мәдениет және туризм министрлігі
Түрік ынтымақтастық және үйлестіру
агенттігінің Қазақстандағы Өкілдігі
координаторы



Исмаил Гүрлек

«__» _____ 2021 жыл

